

**«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру көлемінде
«Ұмытылмас қаһармандар» әскери-отансүйгіштік әнінің
қалалық шығармашылық байқауын
ұйымдастыру және өткізу туралы
Ережесі**

1. Жалпы ережелері

1.1. Осы Ереже әскери-отансүйгіштік әнінің шығармашылық конкурсының (бұдан әрі - Байқау) ұйымдастырылу және өткізілу шарттарын анықтайды.

1.2. Байқауды өткізу ұйымдастырушылары: Павлодар қаласы әкімдігі, «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» ММ; Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК болып табылады.

1.3. Өткізу орны: «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК, Лесозавод, Потапов көшесі,7.

Байқауды өткізудің мақсаты: оқушылардың бойындағы жоғары отансүйгіштік санасын, Қазақстан халықтарының достастығы мен біртұтастығын нығайту, туған елінің мүдделерін қорғау бойынша конституциялық міндеттері мен азаматтық борышын орындауға дайындығын қалыптастыру болып табылады.

2. Байқау қатысушылары

Байқау жалпы орта білім беру мектептерінің 7 – 11 сынып оқушылары арасында өткізіледі.

Байқау қатысушыларының саны: оқу мекемесінен әрбір номинацияда 1 туынды орындау (барлық номинациялары немесе таңдауы бойынша).

Байқаудың жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

Байқауға қатысу өтінімі іс-шараның атауын көрсетілуі негізінде келесі үлгі бойынша «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК, Лесозавод, Потапов көшесі,7 мекенжайы бойынша 2018 жылғы 30 сәуірге дейін жіберілуі тиіс. Білім беру ұйымы басшысының қолы қойылған өтінімнің сканерленген нұсқасы ekotyr@yandex.kz e-mail бойынша жіберілуі мүмкін.

Қатысушының аты-жөні	Мектебі, сыныбы	Номинациясы	Жетекшісінің аты-жөні

3. Байқауды өткізу мерзімі

Өткізу мерзімі - 2018 жылғы 14 мамыр күні. Өткізу уақыты туралы мәлімет қосымша хабарланады.

4. Ұйымдастырушылық комитеті және әділ қазылар алқасы

Байқауды дайындау және өткізуі мақсатында әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырып бекітетін және ұйымдастырылуы мен өткізілуін жүзеге асырып, оның қорытындыларын шығаратын Ұйымдастырушылық комитеті жұмыс атқарады.

Әділ қазылар алқасының құрамына байқаудың ұйымдастырушылары, сонымен бірге арнайы шақырылған мамандар енуі мүмкін.

5. Байқаудың бағдарламасы және өткізу шарттары

Байқау қатысушылары сахналық көрінісі негізінде әскери-отансүйгіштік тақырыптамадағы бір туындыны орындайды (авторлық шығарма немесе басқа авторлардың шығармалары). Туындыны орындаудың ұзақтылығы – 10 минуттан астам емес. Орындалатын туындылар жеке аккомпанементі немесе «минус бір» фонограммасымен сүйемелденеді (флешка – сақтаушысы тікелей байқау қатысушысымен қамтамасыз етіледі).

Байқаудың номинациялары:

- орындаушы-авторлар;
- вокалдық топ;
- дуэт;
- соло орындауы.

Орындаушыларды бағалау өлшемдері:

- байқаудың тақырыптамасына сәйкестігі;
- орындау шеберлігінің дәрежесі;
- әртістілігі және сахналық мәдениеті;
- сахналық киім-кешегі;
- музыкалық туындының мазмұнын ашылып көрсетілуі.

6. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібі

Байқауға ұсынылған жұмыстар әділ қазылар алқасымен тыңдалып қарастырылады.

Үздік жұмыстар жеке жүлделі орындардың берілуімен белгіленеді (бір бірінші орын, екі екінші орын, үш үшінші орын). Нәтижелер әрбір номинациясы бойынша шығарылады. Әділ қазылар алқасының шешімі соңғы болып табылады және қайта қарастыруға жатпайды.

Байқаудың ұйымдастырылуы және өткізілуімен байланысты сұрақтары бойынша «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК, Лесозавод, Потапов көшесі, 7, 333-024 тел. бойынша хабарласуға болады.